



Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 3 желтоқсан N 1558. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.01.31. N 139 қаулысымен. ~P020139

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,

Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы
арасында міндеттерді бөлу бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді

бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 желтоқсандағы N 1959

P001959_

қаулысының күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 3 желтоқсандағы
N 1558 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,

Премьер-Министрінің орынбасарлары және
Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы арасында
МІНДЕТТЕРДІ БӨЛУ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Қ.К.Тоқаев

Үкіметтің қызметіне басшылық жасау.

Қазақстан Республикасының Президентімен, сондай-ақ Парламентпен, Конституциялық Кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратуралы мен және басқа да конституциялық органдармен қатынастарда Үкіметтің атынан өкілдік етеді.

Мемлекетаралық қатынастар және халықаралық ынтымақтастық мәселелері.

Үкіметтің заң шығару қызметін үйлестіру.

Әлеуметтік және құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру.

Шетелдік инвестицияларды тарту, экспорттық бақылау, мемлекеттік материалдық резервтер, шағын және орта кәсіпкерлік, төтенше жағдайлар мәселелері.

Үкіметтің кадр мәселелері.

Мемлекеттік билікті орталықсыздандыру мәселелері.

Сыртқы істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттіктің, Қаржы полициясы агенттігінің, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылау.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары
К.К Мәсімов

Экономиканы жедел басқару, экономикалық даму, қаржы, салық және тариф саясаты мәселелері.

Әнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, агроенеркәсіп кешенін және құрылышты дамыту мәселелері.

Көлік және коммуникацияларды дамыту мәселелері.

Үкіметтің халықаралық қаржы және экономикалық үйымдарымен өзара іс-қимылдарын қамтамасыз ету.

Ұлттық Банкпен өзара іс-қимыл жасау.

Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің жұмысына басшылық жасау.

ТМД елдерімен және олардың ықпалдастық бірлестіктерімен өзара қатынастарды үйлестіру.

Астана қаласы жаңа орталығының құрылышын салу жөніндегі мемлекеттік

комиссияға басшылық жасау.

Қаржы министрлігінің, Мемлекеттік кіріс министрлігінің, Экономика және сауда министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттіктің, Статистика жөніндегі агенттіктің, Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары
И.Н.Тасмағамбетов

Әлеуметтік саланы дамыту мәселелері.

Білім беруді, мәдениетті, ғылымды, деңсаулық сақтауды, спорт пен туризмді дамыту мәселелері.

Ұлтаралық қатынастар, көші-қон және демографиялық саясат, әлеуметтік әріптестік мәселелері.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияның мәселелері.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы жылын өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияға басшылық жасау.

Білім және ғылым министрлігінің, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Деңсаулық сақтау министрлігінің, Көші-қон және демография жөніндегі агенттіктің, Туризм және спорт жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары -
Энергетика және минералдық ресурстар министрі
В.С.Школьник

Энергетикалық секторды және кен-металлургия кешенін дамыту мәселелері.

Экология, табиғи ресурстарды пайдалану, геология, жер қойнауын пайдалану және жер қойнауын қорғау мәселелері.

"Байқоңыр" ғарыш айлағының мәселелері.

Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің қызметіне басшылық жасайды.

Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министри
Кеңесінің Басшысы
А.А.Тілеубердин

Үкіметтің шешімдерін дайындау және олардың орындалуын ұйымдастыру, мемлекеттік және орындаушылық тәртіпті қамтамасыз ету болігінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру.

Үкіметтің кадр саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

Үкіметтің аймақтық саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, Үкіметтің облыстар әкімдерімен жұмыстағы өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Премьер-Министр Кеңесінің Президент Әкімшілігімен және Парламент палаталарының аппараттарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру және мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері.

Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Жұмыста болмаған кезеңде өзара ауысуы:

К.Қ.Мәсімов - В.С.Школьник

К.Қ.Мәсімов - И.Н.Тасмагамбетов

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.